



KAZAKHSTAN ENERGY WEEK 2019

“FUELING THE FUTURE: INNOVATION GROWTH”

«ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ:
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ»

☑ 2019 жылғы 23 | 29 Қыркүйек
Нұр-Сұлтан қ., Конгресс Орталығы

1-КҮН - 23 ҚЫРКҮЙЕК, ДҮЙСЕНБІ

«STUDENTENERGYCHALLENGE» КОНКУРСЫ

09.30-14.00

Өтетін орны: *Конгресс орталығы, «АВАІ» залы*

Ұйымдастырушылар: *KAZENERGY, Шелл Қазақстан*

«Student Energy Challenge» зияткерлік командалық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) KAZENERGY қауымдастығы 2017 жылдан бастап «Шелл Қазақстан» компаниясының әріптестігімен және қаржылық қолдауымен (бұдан әрі – Ұйымдастырушылар) өткізіп келеді.

Конкурс энергетикалық міндеттерді инновациялық шешуді ұсынатын студенттік жобаларды қолдауға бағытталған.

Жалпы Конкурс Қазақстан студенттерінің кәсіби және жеке әлеуетін дамытуға, инженерлік ойлауға және шығармашылыққа, озық тәжірибе мен индустрияның техникалық дағдыларын қазақстандық студенттерге беруге, студенттердің құзыреттіліктерді жинақтауға және капиталдандыруға тәжірибе алуына, ғылыми және кәсіпкерлік қызметке деген уәждеме алуына ықпал ететін болады.

Биыл Конкурсқа қатысу үшін командалардың рекордтық саны тіркелді: 70 команда, олар Қазақстанның 15 өңірінен 27 жоғары оқу орнының атынан қатысады.

Конкурстың тақырыптары:

- Қоршаған ортаға шығарындыларды төмендету
- Қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу
- Цифрландыру
- Мұнай-газ саласындағы энергия үнемдеу және энергия тиімділігі

«Каспий мен Орталық Азиядағы мұнай өңдеу және мұнай химиясы» 6-шы Халықаралық конференция (1-бөлім)

09.00-18.00

Өтетін орны: *Хилтон Астана қонақ үйі*

Ұйымдастырушылар: *GLOBUC*

«Каспий мен Орталық Азиядағы мұнай өңдеу және мұнай химиясы» 6 жыл бойы Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түрікменстан, Тәжікстан және Қырғызстан сияқты елдердің мұнай өңдеу, газ өңдеу және мұнай-газ химиясы тақырыптарын қозғап келеді. Конференция өңірдің барлық мемлекеттеріне назар аудара отырып, осындай кең ауқымды географияның жалғыз салалық алаңы болып табылады. Мұнда сіз ОА-ның барлық өңірінің мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия зауыттарының басшыларын, сондай-ақ әлемдік инжинирингтік және технологиялық компанияларды білдіретін олардың шетелдік серіктестерін кездестіресіз.

2019 жылы конференция Kazakhstan ENERGY WEEK 2019 шеңберінде KAZENERGY қауымдастығымен әріптестікте және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қолдауымен өтеді.

Түйінді тақырыптар:

- Жаһандық және өңірлік нарықтарға шолу;
- Қазақстанға, Өзбекстанға, Түрікменстанға, Өзербайжанға назар аудару;
- Жобалар, технологиялар, лицензиялар;
- Операциялық тиімділікті арттыру;
- Жобалық басқару;
- Цифрлық трансформация;
- Стратегиялық әріптестіктер құру

«Каспий және Орталық Азиядағы мұнай өңдеу және мұнай химиясы» конференциясы туралы толығырақ ақпарат іс-шараның ресми сайтында жарияланды – <https://globuc.com/ru/downstream-centralasia>

KAZENERGY XI ЖАСТАР ФОРУМЫ

10.00-18.00

Өтетін орны: Конгресс орталығы, «АВАІ» залы

Ұйымдастырушылар: KAZENERGY

Осы жыл елімізде Жастар жылы болып белгіленген, сондықтан Форумның тұжырымдамасы KAZENERGY Білім беру бағдарламасы жобаларының бірі аясында оқитын Қазақстанның 1000-нан астам студенті арасында жүргізілген сауалнаманың қорытындысы бойынша жастардың пікірі ескеріле отырып әзірленген болатын. Біз Форумымызда қазіргі жастардың өздері үшін қандай сын-қатерлерді белгілейтінін және оларды қалай еңсеру керектігін анықтап, талқылайтын боламыз.

Форумға қатысушылар мұнай-газ және энергетика салаларында, білім беруде, мансап пен көшбасшылықта жоғары кәсіби мамандар мен сарапшылардан тәжірибе алып, олармен қарым-қатынас жасаудан шабыт алады.

Форумның пікірталас күн тәртібі аясында 24 қыркүйекте форумның сарапшылары мен қатысушылары «face to face» форматында мынадай түйінді сұрақтарға жауап береді: «Сапалы білім дегеніміз не, оны қайда алуға болады, білім беру қызметтерінің нарығы біліктілікті арттырудың қандай жаңа форматтарын ұсынады?», «Цифрлық технологиялар ғасырында қандай дағдылар жеке тұлғаның дамуы мен өсуі үшін маңызды болып табылады?», «Ауқымды деректер, жаңа технологиялар мен ақпараттық бум әлемінде қалай өзін жоғалтып алмауға болады?».

«Student Energy Challenge» зияткерлік командалық конкурсының жартылай финалы мен финалын өткізу дәстүрге айналып келеді, ол 2017 жылдан бастап «Шелл Қазақстан» компаниясымен әріптестікте іске асырылады және биылғы жылы 23 қыркүйекте өткізіледі.

Сонымен қатар Форумның күн тәртібінде Қазақстанның көрнекті қайраткері, отандық мұнай-газ индустриясының негізін қалаушы Сафи Өтебаевтың 110 жылдығына және Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған арнайы сессия өткізу қарастырылып отыр, оның аясында интерактивті форматта викторина өтеді. Викторинаның нәтижелері бойынша сессияда жеңімпаздар анықталып, оларға Қауымдастықтың атынан естелік сыйлықтар беріледі.

Биылғы жылы айтулы даталарды, еліміздегі Жастар жылын ескере отырып, сондай-ақ мұнай-газ және энергетика салаларының жас мамандарын ынталандыру мақсатында үздік жас мамандарды KAZENERGY қауымдастығының Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапаттау рәсімі өтеді.

«Каспий мен Орталық Азиядағы мұнай өңдеу және мұнай химиясы» 6-шы Халықаралық конференция (2-бөлім)

09.30-18.00

Өтетін орны: Хилтон Астана қонақ үйі

Ұйымдастырушылар: GLOBUC

«Каспий мен Орталық Азиядағы мұнай өңдеу және мұнай химиясы» 6 жыл бойы Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түрікменстан, Тәжікстан және Қырғызстан сияқты елдердің мұнай өңдеу, газ өңдеу және мұнай-газ химиясы тақырыптарын қозғап келеді. Конференция өңірдің барлық мемлекеттеріне назар аудара отырып, осындай кең ауқымды географияның жалғыз салалық алаңы болып табылады. Мұнда сіз ОА-ның барлық өңірінің мұнай өңдеу және мұнай-газ-химия

зауыттарының басшыларын, сондай-ақ әлемдік инжинирингтік және технологиялық компанияларды білдіретін олардың шетелдік серіктестерін кездестіресіз.

2019 жылы конференция Kazakhstan ENERGY WEEK 2019 шеңберінде KAZENERGY қауымдастығымен әріптестікте және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қолдауымен өтеді.

Түйінді тақырыптар:

- Жаһандық және өңірлік нарықтарға шолу;
- Қазақстанға, Өзбекстанға, Түрікменстанға, Өзербайжанға назар аудару;
- Жобалар, технологиялар, лицензиялар;
- Операциялық тиімділікті арттыру;
- Жобалық басқару;
- Цифрлық трансформация;
- Стратегиялық серіктестіктер құру.

«Каспий және Орталық Азиядағы мұнай өңдеу және мұнай химиясы» конференциясы туралы толығырақ ақпарат іс-шараның ресми сайтында жарияланды – <https://globuc.com/ru/downstream-centralasia>

Симпозиум SPE: Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және Каспий өңіріндегі әлеуметтік жауапкершілік (1-бөлім)

09.30-18.00

Өтетін орны: Конгресс орталығы, «SAFI UTEBAYEV» залы

Ұйымдастырушылар: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, SPE

Соңғы бес жылда біз әлемдік энергетикалық өнеркәсіпте елеулі өзгерістер болып жатқанын байқап отырмыз. Құн тізбегіне қатысушылар пайда алу мақсатында құнды тиімді басқару және кез келген мүмкіндіктерді пайдалану үшін инновациялық стратегиялар мен процестерді әзірлеу жолымен мұнай нарығының жаңа баға конъюнктурасына және технологиялық прогресс жетістіктерінің қарқынына бейімделуді жалғастыруда.

ҚМГ компаниясы өзінің коммерциялық қызметінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізді. Еңбекті қорғаумен, қауіпсіздік техникасымен және қоршаған ортаны қорғаумен (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) қатар, айқын жетістіктерден басқа, тиімділіктің артуы, шығындардың төмендеуі, мұнай берудің және осылайша қосымша пайданың ұлғаюы байқалады, сондай-ақ командалардың уәждемесі артуда, барлық мұнай-газ компаниялары жұмыс істейтін қоршаған ортаны қорғауға қатысты өнімділік пен әлеуметтік жауапкершілік жақсаруда. Алайда, мұнай-газ өнеркәсібі үшін ағымдағы жағдайда бұлар жеткіліксіз болып отыр. «Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік» ұғымы осы «санатқа» бірқатар мағыналар мен жауапкершілік салаларымен қосылған.

Әрине, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік экология мәселелерін (су ресурстарын пайдалану, қалдықтарды қайта өңдеу, әлеуметтік салаға инвестициялар, әлеуметтік жобалардың ұзақ мерзімділігі және адамның әл-ауқаты), НОС-тың энергетикалық кешендегі көмірсутектер үшін лайықты орынға төтеп беру қабілетін қамтиды, бірақ «Пайдалануға арналған лицензия» аса маңызды болып табылады.

Аталған симпозиумда ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тиімділігін арттыру үшін озық тәжірибелермен, қазіргі заманғы тәсілдер мен инновациялық қолданулармен алмасу үшін барлау және өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау және өткізу секторларының жергілікті, өңірлік, әлемдік сарапшылары мен бейінді мамандарының өкілдері кездеседі.

Симпозиум туралы толығырақ ақпарат іс-шараның ресми сайтында жарияланды – www.spe.org

10.00-18.00

Өтетін орны: Конгресс орталығы

Ұйымдастырушылар: KAZENERGY

Көрмені өткізу мақсаты:

Энергетикада жаңа технологиялық жетістіктерді жаһандық қолдану нәтижелерін көрсетуге арналған алаң;

Келіссөздер, инновациялар трансфері, жоғары технологиялық өнімдер және инвестициялық қызметтерді, сондай-ақ оларды энергетикалық нарыққа жылжытуға арналған платформа;

Қоғам өміріндегі энергия мен энергия ресурстарының рөлі мен маңызы туралы келушілерге арналған танымдық қызмет.

Көрме дәстүрлі емес форматта өтеді. Заманауи технологиялар мен әзірлемелердің, даму және инновациялық инфрақұрылым институттарының көрмелік экспозициясы кластерлік қағидат бойынша «нүктелік » форматта қалыптастырылатын болады. Әлеуетті әріптестермен байланыс орнату және дамыту үшін коммуникациялық аймақтар ұйымдастырылады.

Жаңа интерактивті формат (виртуалды шындық, толықтырылған шындық, жасанды интеллект, блокчейн) ұсынылады, ол қонақтарға – іс-шараға қатысудан көбірек ақпарат алуға, ал қатысушы компанияларға – өз өнімдерін барынша тиімді таныстыруға мүмкіндік береді.

«KAZENERGY» ӘЙЕЛДЕР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ IV ФОРУМЫ

09.00-17.00

Өтетін орны: *Конгресс орталығы, «АВАІ» залы*

Ұйымдастырушылар: *KAZENERGY*

KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының (бұдан әрі – ӘЭК) Форумы мұнай-газ және энергетика салаларында жұмыс істейтін әйелдер үшін кәсіби және жеке тұлғалық өсуге қажетті таланттар мен дағдыларды дамытуға көмек көрсету және тәжірибе алмасу алаңы болып табылады.

2013 жылдан бастап ӘЭК Қазақстанның мұнай-газ және энергетикалық секторларында гендерлік саясатты іске асыру мәселелерін көтеріп келеді. 2013, 2015 және 2017 жылдары өткен үш ӘЭК-тің үш Форумы мұнай-газ және энергетика салалары қызметкерлерінің қызығушылығын тудырды.

2019 жылғы 25 қыркүйекте KAZAKHSTAN ENERGY WEEK-2019 шеңберінде «Энергетикадағы әйелдер көшбасшылығының заманауи бейнесі» атты IV ӘЭК форумы (бұдан әрі – Форум) өтеді.

Форум ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, «Атамекен» ҚР ҰКП Іскер әйелдер кеңесінің, мемлекеттік органдардың, ірі халықаралық ұйымдардың өкілдерін, ұлттық және халықаралық мұнай-газ және энергетикалық компаниялардың топ-менеджментін, сала және т. б. сарапшыларын біріктіреді.

Форум шеңберінде атаулы панельдік сессия өткізу жоспарлануда. Сессия talk show форматында өтеді, оған қатысуға ұлттық және халықаралық мұнай-газ компанияларының басшылары мен топ-менеджерлері шақырылады. Осы сессия шеңберінде Қазақстанның мұнай-газ және энергетика салаларындағы әйелдер көшбасшылығын дамыту, саладағы әйелдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, мансап пен жеке өмір тепе-теңдігі, еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтығы және т. б. мәселелер талқыланады.

Сонымен қатар, Форум жұмысында KAZENERGY, ЕҚДБ және Лондондық Ergon консалтингтік компаниясының «ҚР энергетикасындағы әйелдердің рөлі» атты бірлескен зерттеулерінің аралық нәтижелері таныстырылады. Форумда сондай-ақ Gender inequality саласындағы PwC (Швейцария) халықаралық сарапшысы «Жұмыс орнында әйелдердің теңдігін қамтамасыз ету үшін корпоративтік сектордағы үздік тәжірибелер» атты тақырыпта сөз сөйлейді.

Симпозиум SPE: Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және Каспий өңіріндегі әлеуметтік жауапкершілік (2-бөлім)

09.30-18.00

Өтетін орны: *Конгресс орталығы, «SAFI UTEBAYEV» залы*

Ұйымдастырушылар: *«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, SPE*

Соңғы бес жылда біз әлемдік энергетикалық өнеркәсіпте елеулі өзгерістер болып жатқанын байқап отырмыз. Құн тізбегіне қатысушылар пайда алу мақсатында құнды тиімді басқару және кез келген мүмкіндіктерді пайдалану үшін инновациялық стратегиялар мен процестерді әзірлеу жолымен мұнай нарығының жаңа баға конъюнктурасына және технологиялық прогресс жетістіктерінің қарқынына бейімделуді жалғастыруда.

ҚМГ компаниясы өзінің коммерциялық қызметінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласында айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізді. Еңбекті қорғаумен, қауіпсіздік техникасымен және қоршаған ортаны қорғаумен (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) қатар, айқын жетістіктерден басқа, тиімділіктің

артуы, шығындардың төмендеуі, мұнай берудің және осылайша қосымша пайданың ұлғаюы байқалады, сондай-ақ командалардың уәждемесі артуда, барлық мұнай-газ компаниялары жұмыс істейтін қоршаған ортаны қорғауға қатысты өнімділік пен әлеуметтік жауапкершілік жақсаруда. Алайда, мұнай-газ өнеркәсібі үшін ағымдағы жағдайда бұлар жеткіліксіз болып отыр. «Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік» ұғымы осы «санатқа» бірқатар мағыналар мен жауапкершілік салаларымен қосылған.

Әрине, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік экология мәселелерін (су ресурстарын пайдалану, қалдықтарды қайта өңдеу, әлеуметтік салаға инвестициялар, әлеуметтік жобалардың ұзақ мерзімділігі және адамның әл-ауқаты), НОС-тың энергетикалық кешендегі көмірсутектер үшін лайықты орынға төтеп беру қабілетін қамтиды, бірақ «Пайдалануға арналған лицензия» аса маңызды болып табылады.

Аталған симпозиумда ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тиімділігін арттыру үшін озық тәжірибелермен, қазіргі заманғы тәсілдер мен инновациялық қолданулармен алмасу үшін барлау және өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау және өткізу секторларының жергілікті, өңірлік, әлемдік сарапшылары мен бейінді мамандарының өкілдері кездеседі.

Симпозиум туралы толығырақ ақпарат іс-шараның ресми сайтында жарияланды – www.spe.org

09.30-18.00

Өтетін орны: Конгресс орталығы, «AL-FARABI»залы

Ұйымдастырушылар: ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті

Жаңартылатын энергия көздері бойынша III Халықаралық Саммит

10.00-18.00

Өтетін орны: ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры

Ұйымдастырушылар: Жаңартылатын энергия көздері қауымдастығы

25 қыркүйекте Нұр-Сұлтанда 2019 жылдың басты «жасыл» оқиғасы - Жаңартылатын энергия көздері бойынша III Халықаралық Саммиті өтеді. Бұл индустриалды алаңның жұмысына жетекші дүниежүзілік және отандық сарапшылар қатысады. Елордада Нобель лауреаттары, ірі энергетика компанияларының, қоғамдық ұйымдар мен медиа-индустрия өкілдері қатысады. Алғаш рет жаһандық іс-шара EXPO-2017 жаһандық көрмесінің қарсаңында Энергетика министрлігінің бастамасымен үш жыл бұрын болды. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры да саммиттің қосалқы ұйымдастырушылары болып табылады.

ЖЭК бойынша III Саммитінің күн тәртібінде – жаһандық green-трендтер, Қазақстанда жаңартылатын энергетика жобаларын іске асыру, оларды қаржыландыру және дамыту мәселелері.

Renewable Energy Summit негізгі идеясы – жаңартылатын энергия көздерін тұрмыстық пайдаланудан бастап ауқымды мемлекеттік жобалар деңгейінде пайдалану мүмкіндіктерін көрсету және талқылау. Қорытынды мақсаты – Қазақстан мен барлық дүниежүзілік қоғамдастықтың «жасыл» болашағы үшін барынша тиімді шешімдерді іске асыру.

«DIGITALENERGY» көрмесі

10.00-18.00

Өтетін орны: Конгресс орталығы

Ұйымдастырушылар: KAZENERGY

Көрмені өткізу мақсаты:

Энергетикада жаңа технологиялық жетістіктерді жаһандық қолдану нәтижелерін көрсетуге арналған алаң;

Келіссөздер, инновациялар трансфері, жоғары технологиялық өнімдер және инвестициялық қызметтерді, сондай-ақ оларды энергетикалық нарыққа жылжытуға арналған платформа;

Қоғам өміріндегі энергия мен энергия ресурстарының рөлі мен маңызы туралы келушілерге арналған танымдық қызмет.

Көрме дәстүрлі емес форматта өтеді. Заманауи технологиялар мен әзірлемелердің, даму және инновациялық инфрақұрылым институттарының көрмелік экспозициясы кластерлік қағидат

бойынша «нүктелік» форматта қалыптастырылатын болады. Әлеуетті әріптестермен байланыс орнату және дамыту үшін коммуникациялық аймақтар ұйымдастырылады.

Жаңа интерактивті формат (виртуалды шындық, толықтырылған шындық, жасанды интеллект, блокчейн) ұсынылады, ол қонақтарға – іс-шараға қатысудан көбірек ақпарат алуға, ал қатысушы компанияларға – өз өнімдерін барынша тиімді таныстыруға мүмкіндік береді.

08:00-10:00

ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ

Өткізу орны: Конгресс орталығы

10:00-12:00

**ПЛЕНАРЛЫҚ СЕССИЯ: ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ:
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ**

Өткізу орны: Конгресс орталығы, Пленарлық зал

ФОРУМДЫ АШУ РӘСІМІ ЖӘНЕ АРНАЙЫ СӨЗ СӨЙЛЕУЛЕР

Өткізу орны: Конгресс орталығы, Пленарлық зал

Төрага: Тимур Құлыбаев, Төраға, KAZENERGY қауымдастығы

Модератор: Райан Чилкот, тележүргізуші,
PBS NewsHour арнайы тілшісі

- ❖ **Асқар Мамин**, Премьер-министр, Қазақстан Республикасы
- ❖ **Мохаммед Баркино**, Бас хатшы, ОПЕК
- ❖ **Қанат Бозымбаев**, Энергетика министрі, Қазақстан Республикасы
- ❖ **Ахметжан Есімов**, Басқарма Төрағасы, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ
- ❖ **Оулавюр Рагнар Гримссон**, Президент, Исландия (1996-2016)

Дүниежүзі елдері нарықтағы жаһандық өзгерістер жағдайында тұрақты энергетикаға көшуді қамтамасыз ету жолымен жүріп келеді. Бүкіл дүниежүзінде энергияға деген сұраныс өсіп келеді, ең бастысы, дәстүрлі шикізат – мұнай және газ көздері есебінен. Энергоресурстардың жаңа көздерін дамыту және іздеу, сондай-ақ тұтынушыларға оларды тұрақты жеткізу мәселесінің ерекше өзектілігі сақталған.

Саяси және экономикалық шешімдер жасау, инфрақұрылымды қалыптастыру, өңірлік сауданы дамыту кезінде энергетикалық қауіпсіздік негізгі фактор болып қала береді. Сонымен қатар саланы қалыптастыруға және мұнай бағасына сұраныс және ұсыныс теңгерімі ретінде дәстүрлі факторлар ғана емес, басқа да саяси және экономикалық аспектілер әсер етеді. Бұрынғыша, энергетикалық болашақ туралы мүмкіндіктер мен дауларға, қатерлерге әртүрлі көзқарастар мен тәсілдер сақталады. Өзара тиімді экономикалық өзара тәуелділікке деген жалпы көзқарасты қалыптастыру қажет. Энергетикалық «challenge» барлық мүдделі тараптармен ынтымақтастықты кеңейтуді және жаңа өзара тиімді шешімдерді іздеуді талап етеді.

Талқылау үшін мәселелер:

- Алдағы он жылдықта дүниежүзілік энергетикалық нарықтағы жағдай қалай өзгереді және жаһандық талаптар кезеңінде жаңа өзгеріске қалай бағыну қажет?
- Энергияға деген сұраныс географиясы мен құрылымы қала өзгереді? Планетаның әртүрлі бөлігі арасындағы энергияға тәуелділік қаншаға өседі?
- Сұраныс теңгерімі және vs санкцилар ұсыныстары: нарыққа «дәстүрлерін» қалай қайтару қажет?
- Халықаралық әріптестіктің сын-тегеуріндерді меңгерудегі рөлі қандай?
- Жаһандық өзгерістер Қазақстанның энергетика болашағына қалай ықпал етеді және елімізде саланы тұрақты дамыту үшін не қажет?
- Ұлттық жобалар болашақ дамуға негіз бола ала ма?

ИНТЕРАКТИВТІК ДИСКУССИЯ: МҰНАЙ БОЛАШАҒЫ: ШЫНАЙЫЛЫҚ ПЕН БОЛЖАМДАР

Өткізу орны: Конгресс орталығы, Пленарлық зал

Төраға: Қанат Бозымбаев, Энергетика министрі, Қазақстан Республикасы

Модератор: Райан Чилкот, тележүргізуші,
PBS NewsHour арнайы тілшісі

Қатысушылар:

- ❖ **Мохаммед Баркино**, Бас хатшы, ОПЕК
- ❖ **Алик Айдарбаев**, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы
- ❖ **Том Шуслер**, ЭксонМобил Апстрим Ойл энд Газ аға вице-президенті
- ❖ **Алессандро Пулити**, Эни СпА бас директоры
- ❖ **Бернар Клеман**, Тоталь Барлау және Өндіру, континенталды Еуропа және Каспий жөніндегі вице-президенті
- ❖ **Уильям Харвурд**, Бас вице-президенті, Аргус
- ❖ **Малколм Форбс-Кейбл**, Вице-Президент, Wood Mackenzie

Дүниежүзілік энергетикалық нарықтар энергияны тасымалдаушыларына сұраныстың жаһандық құрылымын өзгерте отырып, ұдайы өзгеріп отырады. Алайда осы құрылымдағы мұнай басты рөлді сақтап қалады: болжамдарға сәйкес мұнайға деген сұраныс шамамен жылына 1% деңгейінде өсіп отырады, бұл 2024 жылы абсолюттік көлемде тәулігіне 20 млн баррельге тұтынуды ұлғайтады. Мұнайға деген сұранысқа дамып жатқан елдерде өмір сүру деңгейінің артуы да қолдау көрсетеді, мысалы, оларда жеңіл көліктің жаппай таралуы және басқа да факторлар. Тіпті, мұнай нарығында жуырда болған дағдарыс бір жағынан баррель бағасының айтарлықтай төмендеуіне және көптеген жаңа жобалардың тоқтап қалуына алып келсе, екінші жақтан, энергия үнемдеу технологияларын енгізуге және өндіру тиімділігінің артуына да ықпал етті.

Қазақстанда соңғы 2018 жылдың өзінде мұнай-газ саласы экономикаға дәстүрлік түрде үлкен қолдау көрсетті: мұнай мен газ конденсатының көлемі саланың барлық даму тарихында рекордтық белгіге – 90,3 млн тоннаға жетті. Мұнай индустриясы табыстарының арқасында ЖІӨ 4%-ға артты. Өткен жылы мұнай өндірудің көлемді үлесі Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ атты үш ең ірі жобаға тиесілі болды, олар 53,9 млн тонна мұнай өндірді. Бүгінгі күні гиганттар үштігі одан әрі айтарлықтай өсімге бағыт ұстап отыр: ауқымды жобаларды іске асыру есебінен, олардың елдің жалпы өндірісіне қосқан үлесі бұл көрсеткішті жылына 100 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Көз жетерлік болашақта мұнайды не күтіп тұр? Осы дискуссияға қатысушылар өз пікірімен бөліседі.

Аталған дискуссия шеңберінде қатысушылар мынадай тақырыптарды талқылауға шақырылады:

- Дүниежүзінде мұнай тұтыну шегі қашан болады?
- Жақын арада мұнай сұранысы мен ұсыныстар қалай өзгереді?
- «Жаңа энергетикалық шынайылықтың» жалпы көрінісі қандай болады және ол Қазақстанның ОЭК-ге қалай ықпал етеді?
- Бір жақтан, ОПЕК+ мәмілесі шеңберінде одан әрі кооперацияның жоқтығына баланысты мұнайдың төмен бағасының кезекті ұзақ кезеңін және екінші

жақтан, «мұнай шегінің» қарсаңында мұнай өндіруге салынған инвестициялардың өсуін күту қажет пе?

- Ұлттық даму жобалары: мемлекет пен акционерлердің тиімді әріптестігінің шарттары қандай?

12:00-12:30

БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Өткізу орны: *Конгресс орталығы, Баспасөз орталығы*

- ❖ **Модератор:** **Жанболат Сәрсенов**, Төраға орынбасары, KAZENERGY қауымдастығы

Қатысушылар:

- ❖ **Мохаммед Баркино**, Бас хатшы, ОПЕК
- ❖ **Қанат Бозымбаев**, Энергетика министрі, Қазақстан Республикасы
- ❖ **Урбан Руснак**, Бас хатшы, Халықаралық Энергетикалық Хартия

12:00-13:30

ТҮСКІ АС

Өткізу орны: Конгресс орталығы

13:30-14:50

ПАНЕЛЬДІ СЕССИЯ: ГАЗ ФАКТОРЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭНЕРГЕТИКАДАҒЫ НЕГІЗГІ ТРЕНД РЕТІНДЕ

Өткізу орны: *Конгресс орталығы, «АВАІ» залы*

Төраға: **Мұрат Жүребеков**, Энергетика вице-министрі, Қазақстан Республикасы

Модератор: **Полина Миренкова**, Директор орынбасары, Ресей және Каспий өңірі елдерінің энергетикасы, IHS Markit

Қатысушылар:

- ❖ **Валери Дюкро**, Атқарушы директор, Жаһандық газ орталығы (Global Gas Centre)
- ❖ **Артур Кросли**, Басқарма мүшесі, Tecnicas Reunidas
- ❖ **Паван Чилукури**, Директор, Технологияларды лицензиялау, Royal Dutch Shell plc.
- ❖ **Эшли Шерман**, Каспий және Еуропа бойынша аға аналитик, Wood Mackenzie

Зерттеулерге сәйкес соңғы жарты ғасырда газ дүниежүзілік отын нарығында революция жасады. Бүгінгі күні экологиялық талаптарды жетілдіру жағдайларында газ барынша экологиялық таза қазбалы отын ретінде ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін сақтап отыр.

Сарапшылар 2040 жылға дейін газға деген дүниежүзілік қажеттілік шамамен 50%-ға артатындығын болжайды. Оған деген сұраныс қазбалы отындар арасында тез қадаммен – жылына 2% деңгейінде өсіп отырады, бұл энергия

теңгерімдегі оның үлесінің 22-ден 25%-ға дейін өсуіне алып келеді. Бүгін энергия теңгерімдегі газ құрамдас бөлігін Еуропа елдері, Үндістан, Венесуэла және басқалар белсенді түрде өсіріп отыр. Сонымен қатар, мысалы, Еуропада соңғы бірнеше жыл бойы кен орындарының таусылуынан, мұнай мен газға деген бағаның төмендеуінен, өндірістік шығындардың өсуінен газ өндіру көлемі айтарлықтай қысқарғандығы белгілі. ЕО елдерінің негізгі газ өнім берушілері Ресей, Норвегия және Алжир болып табылады, Еуропаның импортталушы газының 85%-ы олардың үлесіне жатады. Сондықтан Еуропа елдері әлі де импортқа тәуелді. Каспий газы негізгі өткізу нарықтарында бәсекеге түсе ала ма? Дүниежүзілік нарыққа газдың тұрақты, сенімді және ұзақ мерзімді жеткізілуін ұйымдастырумен байланысты мәселе қайтадан өзекті болып отыр.

Талқылау үшін мәселелер:

- Қай уақытқа дейін газ барынша талап етілетін көмірсутек ресурсы ретінде өз ұстанымын сақтап отырады?
- Саяси кеудемсоқтық vs экономикалық мүддес: Батыс елдері газды жеткізу мәселелерінде өзара іс-қимыл жасау нүктесін таба ала ма?
- Азияда энергоресурстарды тұтыну қоржыны қалай өзгереді және табиғи газдың өңірдің энергия теңгерімдегі рөлі қандай?
- Дүниежүзінде газ өндіру өсімінің негізгі жобаларының болашағы: ол қандай?
- Қазақстандағы газдандыру әлеуметтік тұрақтылық факторы ретінде. Өңірлердегі газдандыру жөніндегі жобаларды іске асыру: соңғы жылдары не өзгерді және олардың еліміздің индустриалды дамуына әсері қандай?
- Қышқыл газ игеру жөніндегі стратегиялар.

13:30-14:50

«ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СЕКТОРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ (EIRA)» ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ-2019.

Өткізу орны: Конгресс орталығы, «AL-FARABI» залы

Ұйымдастырушылар: Халықаралық Энергетикалық Хартия

Модератор: Клара Рахметова, Энергетикалық Хартия жөніндегі жоба жетекшісі, Қазақстан

Құттықтау сөзі:

- ❖ **Әсет Мағауов**, Энергетика вице-министрі, Қазақстан Республикасы
- ❖ **Урбан Руснак**, Бас хатшы, Халықаралық Энергетикалық Хартия

Негізгі баяндама: Анна Петараки, Инвестициялар жөніндегі үйлестіруші, Халықаралық Энергетикалық Хартия хатшысы

Қатысушылар:

- ❖ **Лариса Жұмағалиева**, Сыртқы істер министрлігінің инвестициялар комитеті төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы
- ❖ **КПМГ өкілі**
- ❖ **Әділет министрлігінің** өкілі, Қазақстан Республикасы
- ❖ **Әділет министрлігінің** өкілі, Қазақстан Республикасы

Энергетикаға инвестициялардың тәуекелдерін бағалау (EIRA) – бұл Энергетикалық Хартия хатшылығының жарияланамы, онда энергетикаға салынатын инвестицияларға ықпал ететін нақты тәуекелдер бағаланады, оларды

саясатты, құқықтық және нормативтік шеңберлерді түзету жолымен бәсеңдетуге болады. Ол саясаттағы бос орындарды анықтауға, елдерде инвестициялық климатты барынша тұрақты ететін және инвесторлар мен мемлекеттер арасында даулардың туындай тәуекелін төмендететін реформаларды ынталандыру үшін мүмкіндіктерді ұсынуға бағытталған.

Шолуда көрсетілген елдер үшін нәтижелер елдер тәуекелдерінің жекелеген бейіндері түрінде ұсынылған. Коммерциялық, техникалық және геоясаяси сияқты инвестициялық тәуекелдердің басқа түрлері жарияланым көлеміне кірмейді. Бүгінгі күні 30-дан астам ел EIRA-ға қатысады.

EIRA мақсаты қандай?

EIRA үкіметтерге инвестициялар ағымына кедергі келтіретін нормативтік құқықтық ортадағы нақты тәуекелдерді анықтап, жоюға көмектеседі. Ол энергетикалық секторға салынатын инвестициялар үшін тәуекелдерді бағалайды, оларды елдер бақылап, өз іс-қимылдарымен шектей алады. Бұл ақпарат өте маңызды, себебі ол үкіметтерге өз нормативтік құқықтық базаларын нығайту үшін қажетті қадам жасауға мүмкіндік береді, бұл энергетикалық секторға салынатын инвестицияларды ынталандыру үшін пайдалы.

EIRA екінші мақсаты –энергетикалық компанияларға инвесторларға және қаржы секторына инвестициялар үшін қаралатын елдерде нормативтік құқықтық ортаның түрлі аспектілері туралы пайдалы ақпарат беру.

13:30-14:50

ПАНЕЛЬДІ СЕССИЯ: ТҰРАҚТЫ ДАМУ МҮДДЕСІНДЕГІ ЭНЕРГЕТИКА

Өткізу орны: Конгресс орталығы, «SAFI UTEBAҮЕВ» залы

Модератор: Рамазан Жампейісов, Басқарма Төрағасы, Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы

Қатысушылар:

- ❖ **Кире Илиоски**, Атқарушы хатшы кеңсесінің директоры, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы (UNECE)
- ❖ **Херу Сетаван**, Инвестициялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару директоры, PT Pertamina
- ❖ **Екатерина Паниклова**, Бағдарламалардың аға үйлестірушісі, Еуропа және ТМД үшін Стамбул өңірлік хабы, БҰҰДБ
- ❖ **Бауыржан Смағұлов**, Басқарма төрағасы, «Электр энергетикасы және энергия үнемдеуді дамыту институты» АҚ (растау қажет)
- ❖ **Джованни Капанелли**, Қазақстандағы өкілдіктің директоры, Азия Даму Банкі (ADB)
- ❖ **Игорь Коротецкий**, Әріптес, Операциялық тәуекелдер және тұрақты даму тобының басшысы, КППМГ
- ❖ **Юлиан Хорнет**, Бас менеджер және Негізін қалаушы, EcoHORNET (Румыния)

Планета халқы энергияға деген сұраныс сияқты өсіп келеді. Заманауи индустриалды цивилизация әртүрлі энергия көздеріне қол жеткізуге тәуелді. Бірақ қолжетімді энергетика ресурстарын оңтайлы пайдаланбау, олардың азаюы, көмірқышқыл газ шығарындылардың артуы, климаттың өзгеруі өмір сүру сапасына әсер етеді. Энергетикалық қауіпсіздік, сауда және инфрақұрылым, энергияның, климат пен өнімнің өзара байланысы, сондай-ақ жаңартылатын энергетика болашақта тұрақты дамудың маңызды құрамдас бөліктері болады.

Елдердің энергетикалық теңгерімге баламалы, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін тарту бойынша қабылдап жатқан шараларына қарамастан,

болашақта дәстүрлі энергия тасымалдағыштары – мұнайға газға, көмірге ешнәрсе бәсекеге түсе алмайды. Өміріміз ыңғайлы, қолайлы болу үшін, әрқайсымыз ресурстарды сақтап, оларға қолжетімділікті қамтамасыз етіп, энергия тиімді және энергия үнемдеу технологияларды дамытып қана қоймай, экологияны қорғау, қоршаған ортаға климаттың өзгеру салдарын төмендету үшін барлығын жасау қажет.

Тұрақты даму тақырыбы «біз қалайтын болашақ», «2030 жылға дейінгі кезеңге тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» және Париж климаттық келісімі сияқты БҰҰ концептуалды құжаттарында өз көрінісін тапты.

Қазақстанның шикізат экономикалық бағыттылығын есепке алып, онда қазбалы отын көп уақыт бойы энергетика бөлігі болып қалмақ. Сонымен қатар, жаһандық сын-тегеуріндері мен қатерлерді ескере отырып, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін еліміз жаңартылатын энергетиканы, энергия тиімді және энергия үнемдеу технологияларды дамыту, энергетика саясатын нығайту, қоршаған ортаны қорғау және климат өзгерісімен күресу, сондай-ақ озық тәжірибелермен алмасу мақсатында жинақталған тәжірибені зерделеу бойынша халықаралық диалогқа белсенді қатысады.

Республикада «жасыл экономикаға» көшу бойынша тұжырымдама қабылданды, Париж климаттық келісімі ратификацияланды, «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы іске асырылуда, БҰҰ бастамасымен Халықаралық жасыл технологиялар орталығы ашылды. Елімізде тұрақты даму саласындағы барлық әзірленген және қабылданған тұжырымдамалар мен бағдарламалар өмір сүрудің жаңа сапасына, инновациялық дамуға, экономиканы жаңғыртуға, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, теңдестірілген өңірлік даму мен тиімді мемлекет құруға қол жеткізуге бағытталған.

Талқылау үшін мәселелер:

- Болашақ энергетикалық жүйелерде қазбалы отын рөлі;
- Шикізаттық бағыты бар экономикалар үшін болашақтың ұлттық стратегиялары;
- Энергия тиімділігі және энергия үнемдеу: дамудың жаңа формуласы;
- Еліміздің ресурстық тәуелділігі және климаттың өзгеруі: тұрақтылыққа қалай қол жеткізуге болады?
- Тұрақты энергетика бойынша мақсатқа қол жеткізудегі өңірлік мән мәтіні;
- Жаңартылатын энергетиканы дамытудағы дамып жатқан елдердің проблемалары.
- Тиімділікке қол жеткізу үшін мемлекеттік реттеу мен ынталандырудың қандай шаралары қажет?

15:00-16:20

ПАНЕЛЬДІ СЕССИЯ: ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Өткізу орны: Конгресс орталығы, «АВАІ» залы

Ұйымдастырушылар: KAZENERGY қауымдастығы, Dasco Consulting Group

Модератор: Дәрмен Сәдуақасов, Басқарушы әріптес, Dasco Consulting Group

Максим Нечаев, Консалтинг бойынша директор, IHS Markit

Қатысушылар:

- ❖ **Мұрат Жүребеков**, Энергетика вице-министрі, Қазақстан Республикасы
- ❖ **Айдар Арифханов**, Басқарма Төрағасы, «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі
- ❖ **Жан-Франсуа Марто**, Дүниежүзілік Банктің тұрақты өкілі
- ❖ **Михаил Давыдов**, S&P Global жетекші аналитигі
- ❖ **Кристоф Маурат**, Энергетикалық жобалар бойынша бөлімше басшысы, MUFG

Экономикадағы жаһандық өзгерістер инвестициялық тартымдылықтар және оны бағалау параметрлері туралы қазіргі заманғы көзқарастарды өзгертеді. Қазіргі уақыттан бастап инвестициялық басымдылықта төртінші индустриалдық революция тұр. Бұл компонент бір жыл бұрын Дүниежүзілік экономикалық форум жариялаған елдердің бәсекеге қабілеттілігінің жаһандық индексі бойынша жыл сайынғы есепке енгізілген болатын. Өткен жылғы есепте 140 елден тұратын рейтингте Қазақстан 59-шы орынды иеленген.

Қазақстанда инвестициялық климатты жақсарту үшін Елбасының бастамасы шеңберінде 2018-2022 жылдарға арналған Ұлттық инвестициялық стратегия іске асырылады. Ол Қазақстанның макроэкономикалық, әлеуметтік және саяси жетістігіне, инвестициялық климатты жақсартуға және экономиканың басым секторларына тікелей шетел инвестицияларын тартуға бағытталған.

Үкімет, министрліктер, дипломатиялық миссиялар ЕАЭО және ДСҰ шеңберінде Қазақстанды дамыту жөніндегі бастамаларды табысты енгізуге, дүниежүзілік державалармен инвестициялық әріптестік орнатуды нығайтуға, «Бір белдеу – бір жол» атты жобаға қатысуға және т.б. ықпал етеді. Елбасының тікелей төрағалығымен Шетел инвесторлар кеңесі және ҚР Премьер-Министрі жанындағы Инвестициялық климатты жақсарту жөніндегі кеңес сияқты алаңдар тиімді жұмыс істеуде. «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) ойдағыдай жұмыс істеуде, оның мақсаты мен міндеттері – халықаралық деңгейдегі қаржы қызметтерінің жетекші орталығын қалыптастыру, еліміздің экономикасына инвестицияларды тартуға жәрдемдесу, қаржы қызметтері саласында инвестициялау үшін қолайлы орта жасау, Қазақстанның құнды қағаздар нарығын дамыту және оның халықаралық капитал нарықтарымен ықпалдасуын қамтамасыз ету.

Талқылау үшін мәселелер:

- Энергетикалық сектордағы қандай инвестициялық жобалар жақын арадағы он жылдықта инвесторларға тартымды болады?
- Қолайлы инвестициялық климат жасау бойынша қолдаудың қандай шаралары сала үшін қажет?
- Негізгі энергетикалық инвесторлар бүгінгі күні қандай сын-тегеуріндермен кездеседі?
- Энергетикалық сектордың қандай сегменттері инвесторлар үшін барынша тартымды?
- Технологиялық өзгерістер инвестицияларды тарту драйвері ретінде.

15:00-16:20

**ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ: БОЛАШАҚ ГЕОЛОГИЯ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТЕН БАСТАП ИННОВАЦИЯЛАРҒА ДЕЙІН**

Өткізу орны: Конгресс орталығы, «AL-FARABI» залы

Ұымдастырушылар: KAZENERGY

Төраға: Балтабек Қуандықов, Президент, Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамы

Қатысушылар:

- ❖ **Евгений Киселев**, Табиғи ресурстар және экология министрінің орынбасары, Ресей Федерациясы
- ❖ **Ақбатыр Надырбаев**, Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы
- ❖ **Құрманғазы Исказиев**, Басқарма Төрағасының орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ
- ❖ **Грег Райли**, Каспий өңірінде барлау жөніндегі вице-президент, BP
- ❖ **Ван Цзюн**, Жер қойнауын пайдалану құқығын басқару департаменті бастығының орынбасары, Қытай
- ❖ **Төреғали Мурунов**, Геология және геофизика жөніндегі директор орынбасары, «KAZ-Waterhunters» ЖШС
- ❖ **Майкл Мумелтер**, Geosat Technology AG негізін қалаушы, Германия

Геологиялық барлау стратегиялық сала болып табылады, ресурстық елдердің экономикалық дамуы оған тәуелді болады. Жер қойнауының ресурстық әлеуетін дамыту және оны оңтайлы игеру мақсатында жеңіл түрде шығарылатын мұнай кезеңінің аяқталу кезінде технологиялық сипаттағы жаңа тәсілдер алдыңғы қатарға шығады.

Халықаралық энергетика агенттігінің зерттеулеріне сәйкес қазіргі уақытта дәстүрлі энергия ресурстары мұнай және газды ашу қарқындылығы айтарлықтай нашарлағаны байқалады. Егер 21-ғасырдың бірінші он жылдығында мұнай қорларын ашудың бір жылдық орташа көлемі шамамен 15 млрд баррельді құраса, ал екінші он жылдықтың ағымдағы көрсеткіші кем дегенде 5 млрд баррельді көрсетеді. Алғы сахнаға суы терең теңіз кен орындары, өткізгілігі төмен коллекторлар, битумды құм және т.б. шығады. Westwood Energy бағалауы бойынша жақын арадағы бес жылда 107 суы терең мұнай-газ жобаларына \$130 млрд инвестицияланатын болады. Ал Wood Mackenzie болжамы бойынша 2040 жылға дейін планетадағы мұнай өндірудің жартысынан көбі енді ғана игерілетін немесе ашылатын кен орындарына тиесілі болады. Әлі ашылмаған кен орындардың үлесі шамамен 14% құрайды. Мұны ескере отырып, геологтар алдында аса зор міндет тұр.

Талқылау үшін мәселелер:

- Геологиялық барлау цифрлық экономиканы дамыту драйверлерінің біріне айналуы мүмкін бе?
- Дүниежүзінде осы салада қандай тәжірибелер бар?
- Қазіргі заманғы зерттеулер мен әзірлемелер Қазақстанда мұнай-газ өндірісінің тиімділігін арттыра ала ма?
- Елдегі жаңа көмірсутек энергетиканы дамытудың жаңа сценарийлері мен стратегияларын іздеуде ғылыми білімнің рөлі қандай?
- Геологиялық саланы дамытуға жүйелік тәсіл жасау қажет пе?
- Геологиялық барлау үшін жаңа инвестициялық ынталандыру: халықаралық тәжірибе.
- Қазақстанда және шетелде көмірсутек пен қатты пайдалы қазбаларды іздеу кезінде субатомдық технологияларды қолдану нәтижелері туралы.

Өткізу орны: Конгресс орталығы, «SAFI UTEBAYEV» залы

Ұйымдастырушылар: IRENA

Төраға: Рикардо Горини, «Жаңартылатын энергия көздерінің жол карталары» бағдарламасының аға жетекшісі, IRENA

Модератор: Арман Сатимов, Төраға кеңесшісі, KAZENERGY қауымдастығы

Қатысушылар:

- ❖ **Айнұр Соспанова**, Энергетика министрлігінің жаңартылатын энергия көздері департаментінің директоры, Қазақстан Республикасы
- ❖ **Зигштайн Гретарссон**, Бас директор, Arctic Green Energy Corporation
- ❖ **Аида Ситдикова**, Энергетика және табиғи ресурстар департаментінің директоры, Ресей, Кавказ және Орталық Азия, Еуразиялық Қайта Құру және даму банкі (ЕКДБ)
- ❖ **Мишель Панелла**, Биометан және биоотын бөлімшесінің басшысы, GSE
- ❖ **Кхун Праконг**, Индустрия министрінің бұрынғы орынбасары, Таиланд

Электрлендіруді күшейте отырып, жаңартылатын энергия пайдалануды кеңейту 2050 жылға дейін дүниежүзі елдері климаттың өзгеруіне байланысты негізгі мақсаттарға қол жеткізуі үшін негізгі факторға айналуы мүмкін. IRENA зерттеуінде елдер үшін экономикалық тұрғыдан тиімді климаттық міндеттемелерді орындау және жаһандық температуралар өсу шегін шектеу варианттарын дереу енгізу мүмкіндіктері алдыңғы қатарға шығарылады.

Аталған сессияда энергияны түрлендіруді жылдамдату үшін инвестициялық шешімдер талқыланатын болады. Жетекші елдерден/компаниялардан келген баяндамашылар өз тәжірибелерімен бөліседі және энергияның тұрақты түрлеріне көшумен байланысты әртүрлі секторлардағы маңызды мәселелерді талқылайтын болады.

Талқылау үшін мәселелер:

- Сіздің елде жаңартылатын энергия көздерін дамыту үшін негізгі күш неде және жаңартылатын энергия көздерін дамыту бойынша кеудемсоқтық ауқымы қаншалықты?
- Сіздің елде энергия жаңартуды алға жылжытудың қандай әдістері тиімді? (Цифрландыру, энергияны сақтау, қаржыландыру схемалары және т.б.)
- Сіздің елде қандай озық шешімдер соңғы тұтынушылар секторларын электрификациялау үшін іске асырылды (жылу беру, көлік, өнеркәсіп)?
- Жаңа технологиялар энергетикалық секторда жаңартылатын энергия көздерінің үзбелі ерекшелігімен қалай күресуге көмектеседі?

Өткізу орны: Конгресс орталығы, Фойе

Өткізу орны: Конгресс орталығы, «АВАІ» залы

Ұйымдастырушылар:

Төраға: Қайыргелді Қабылдин, Бас директордың орынбасары, Каспий құбыржолы консорциумы (КТК-К)

Қатысушылар:

- ❖ **Николай Горбань,** Бас директор, Каспий құбыржолы консорциумы (КТК)
- ❖ **Лукаш Холубовски,** Басқарма Төрағасы, ORLEN Paliwa Sp. z o.o.
- ❖ **Адам Семинский,** Президент, KAPSARC
- ❖ **Мэттью Сейгерс,** Еуразияда энергетика экономикасы бойынша басқарушы директор, Ресей және Каспий өңірі бойынша Энергетикалық зерттеулер басшысы, IHS Markit

Энергетика әлемі дамудың жаңа кезеңіне көшті. Күн тәртібінде энергетика қауіпсіздігінің жаңа конфигурациясын және қазіргі уақытта және болашақта инвестициялық процестер тұрақтылығын қамтамасыз ете алатын энергия ресурстарын өндірушілер мен тұтынушылар мүдделерінің балансын қалыптастыру мәселесі тұр.

Көлік және баға қолжетімділігі – энергия қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды бөлігі. Энергия ресурстарына деген бәсекелестіктің ушығуы соншалықты, тіпті, нарықтағы саясаттану сенімділік пен экономикалық нәтиже сияқты қарапайым өзара қарым-қатынастарды шеттеді. Нәтижесі – өнім берушілер мен тұтынушылардың өзара мүдделері есебінде негізделетін энергия қауіпсіздігінің қазіргі жүйесінің бұзылуы, сондай-ақ тиімді мұнай-газ көлігі инфрақұрылымын жасауда инвестициялық қызметке ықпал ететін нарықтағы ойындардың түсініксіз қағидалары. Еуразияның негізгі энергетика дәліздері құрылған. Елдердің энергиядағы өсіп келе жатқан сұраныстарын қалыптастыру қажет. Бүгінгі күні өнім берушілер мен тұтынушылардың балансы қандай?

Талқылау үшін мәселелер:

- Өңір елдері мен Қазақстанда қауіпсіз және тиімді көлік-энергетикалық инфрақұрылым жасау саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелеріндегі әлеует қандай?
- Бұл энергия қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қала ықпал етеді?
